

Бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған бір күндік алым ставкалары туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 3-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласындағы әділет басқармасында 2008 жылғы 18 қаңтарда N 5-5-65 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі N 14-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2009.04.21 N 14-6 шешімімен.

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6-бабының негізінде Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының 12.06.2001 жылғы № 209-ІІ “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” салық Кодексінің 373-бап, 2-ші бөліміне сәйкес бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған бір күндік алым ставкалары **б е к і т і л с і н .**

2. 2008 жылдың 1 қаңтар айынан бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін талон ставкалары төмендегідей болып **б е л г і л е н с і н :**

- 1) Халық тұтынатын тауарларды базарларда сататындар үшін:
 - а) Азық-түлік, киім сатқандар үшін 1 м² - 120 теңге;
 - б) Ұсақ-түйек сатқандар үшін 1 м² – 60 теңге;
 - в) Жүк көтерімдігі-5тн. дейінгі жүк машинасымен сауда жасағандар үшін - **2 5 0 т е ң г е ;**
 - г) Жүк көтерімдігі-5тн. жоғары жүк машинасымен сауда жасағандар үшін-500 **т е ң г е ;**
 - д) Жеңіл машинамен сауда жасағандар үшін-300 теңге;
 - е) Ұсақ мал етін сатқандар үшін-250 теңге;
 - ж) Ірі қара мал етін сатқандар үшін-350 теңге;
 - з) Ірі қара мал сатқандар үшін (1-басқа) – 350 теңге.
 - и) Ірі қара малды базардан тыс жерде сатқандар үшін (1-басқа) – 800 теңге;
 - к) Ұсақ мал сатқандар үшін (1-басқа) – 200 теңге;

- л) Ұсақ малды базардан тыс жерде сатқандар үшін (1-басқа) – 300 теңге;
- м) Сүт сатқандар үшін – 50 теңге;
- н) Қымыз сатқандар үшін – 150 теңге;
- 2) Жолаушы және жүк тасмалдайтындар үшін:
 - а) Жеңіл автокөліктерімен жолаушы тасымалдайтындар үшін - 100 теңге;
 - б) 12 орынға дейін (микроавтобус) – 400 теңге;
- 3) Кәсіпкерліктің басқа да түрімен айналысатындар үшін:
 - а) Базардан тыс жерлерде бақша өнімдерін сатқандар үшін - 200 теңге;
 - б) Жер учаскелерін өңдеу мақсатында жеке меншік тракторларымен немесе жалға алған тракторларымен көрсетілген қызмет үшін-250 теңге;
 - в) Ұрық (тұқым) және отырғызбалы көшеттер сататындар үшін – 100 теңге.

3. Аудандық мәслихаттың 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 33-7 “ Бюджетпен бір күндік талон алу арқылы есеп айырысатын жеке тұлғалар үшін ұсынылған бір күндік алым ставкалары туралы”(19.01.2007 жылғы мемлекеттік тіркеу нөмірі № 5-5-45, “Абай елі” № 2(010) 15-31 қаңтар, 2007 жылғы) шешімнің күші ж о й ы л с ы н .

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаменті Абай ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Сессия төрағасы

М. Әубәкірұлы

мәслихатының хатшысы

*А б а й а у д а н д ы қ
Т. Аманғазы*